

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 242-VI ҚРЗ.

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 59-баптан қараңыз.

Қолданушыларға қолайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) арнайы экономикалық аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының дәл белгіленген шекаралары бар, осы Заңға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын бір бөлігі;

3) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы – арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға және "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

4) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы – арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын және арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлға.

Бұл ретте:

"Инновациялық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының қатысушыларына осы арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тыс жерде басым қызмет түрлерін жүзеге асыруға жол беріледі;

шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары ретінде көрсетілген арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер әрекет ете алады;

5) басым қызмет түрлері – арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізілген, арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын қызмет түрлері;

5-1) бейінді емес қызмет түрлері – басым қызмет түрлерінің тізбесіне кірмейтін, өңдеу өнеркәсібі салаларына жататын, шикізатты, материалдарды, заттарды, жаңа өнімге арналған құрамдастарды өңдеумен байланысты қызмет түрлері;

5-2) бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға – бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізілген және осындай қызметті арнайы экономикалық аймақ аумағында жүзеге асыратын тұлға;

5-3) бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт – бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын бірнеше тұлға мен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру шарттарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

б) "бір терезе" қағидаты – өтініш берушілердің құжаттарды жинау мен дайындауға қатысуын барынша азайтуды және олардың мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету субъектілерімен тікелей байланысын шектеуді көздейтін, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумақтарында мемлекеттік және өзге көрсетілетін қызметтерді ұсыну нысаны;

7) бірыңғай технологиялық процесс – бір басым немесе бейінді емес қызмет түрі шеңберінде өндіру процесінде орындалатын технологиялық жағынан өзара байланысты және дәйекті әрекеттердің (жұмыстардың) жиынтығы. Бірыңғай технологиялық процесс шеңберіндегі қызмет түрлерінің жиынтығы басым және (немесе) бейінді емес қызмет түрінің ажырамас бөлігі болып табылады және онымен біртұтастықты құрайды;

7-1) ерекше индустриялық аймақ – аумағында халықаралық құрылыс нормалары мен қағидаларын, сондай-ақ халықаралық өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолдануға жол берілетін, жеке және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар құратын жекеше индустриялық аймақтың өзге түрі;

7-2) ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – ерекше индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ерекше индустриялық аймақтың жер учаскесінің меншік иесі құратын немесе айқындайтын заңды тұлға;

8) жоба – арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушысының, өтініш берушісінің, қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның басым немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ индустриялық аймақтың әлеуетті қатысушысының, өтініш берушісінің немесе қатысушысының кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы үшін өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті заманауи өндірістер мен көрсетілетін қызметтер құруды көздейтін іс-шаралар кешені;

9) индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

10) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін осы Заңға сәйкес құрылатын немесе айқындалатын заңды тұлға;

11) индустриялық аймақтың қатысушысы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асыратын, олармен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан дара кәсіпкер, заңды тұлға;

12) инфрақұрылым объектілері – арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың жылу және электр энергиясын өндіру және (немесе) беру, сумен жабдықтау және газбен жабдықтау, кәріз, көлік коммуникациялары, көрсетілетін байланыс қызметтері объектілерінің және өзге де объектілердің құрамына кіретін объектілер;

13) қосалқы қызмет түрлері – арнайы экономикалық аймақтың аумағында оның қатысушылары болып табылмайтын тұлғалар жүзеге асыратын, арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының қызметіне қызмет көрсету үшін қажетті қызмет түрлері;

14) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар – осы Заңға сәйкес қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын, арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары болып табылмайтын дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар;

15) қызметті жүзеге асыру туралы шарт – арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушысы немесе бірнеше қатысушысы мен арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың аумағында және (немесе) олардың құқықтық режимінде қызметті жүзеге асыру талаптарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

16) өңірлік үйлестіру кеңесі – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі немесе оның орынбасары басқаратын, осы Заңға сәйкес функцияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган;

17) өтініш беруші – арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына басым немесе бейінді емес, немесе қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған өтінішті не индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішті беретін тұлға;

18) сарапшылық кеңес – осы Заңға сәйкес арнайы экономикалық аймақтарды құрудың, олардың жұмыс істеу мерзімін ұзартудың және таратудың орындылығы, сондай-ақ республикалық маңызы бар индустриялық аймақтарды құрудың, олардың жұмыс істеу мерзімін ұзартудың және таратудың орындылығы мәселелерін қарайтын, тұрақты түрде жұмыс істейтін ведомствоаралық консультативтік-кеңесші орган;

19) уәкілетті орган – арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

Осы Заңның күші мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастардың субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

4-бап. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды мемлекеттік реттеу қағидаттары

1. Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды мемлекеттік реттеу мүдделер теңгерімі, әділдік, транспаренттілік және өндірісті ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

2. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасы осы Заңда көзделген қағидаттарға қайшы келе алмайды.

5-бап. Мүдделер теңгерімі қағидаты

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастардың барлық субъектісі мүдделерінің теңгерімін көздейді.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері мөлшерлес болатын және тараптар өздерінің заңды мүдделерін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерге ие болатын құқықтық қатынастардың жай-күйі осы Заңның мақсаттары үшін мүдделер теңгерімі деп түсініледі.

6-бап. Әділдік қағидаты

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларына, осындай қызметті жүзеге асыруға арналған талаптар сақталған жағдайда, осындай аймақтардың аумағында қызметті жүзеге асыру үшін қол жеткізудің тең мүмкіндіктері беріледі.

7-бап. Транспаренттілік қағидаты

Транспаренттілік қағидаты арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру кезінде, сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларының қызметті жүзеге асыруы және жаңа қатысушыларды осындай аймақтардың аумағында қызметті жүзеге асыру үшін жіберу кезінде бүкпесіз, ашық және жариялы рәсімдерді қамтамасыз етуден көрінеді.

8-бап. Өндірісті ынталандыру қағидаты

Өндірісті ынталандыру қағидаты отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өнім берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтіндей шамада қолдау көрсетуден көрінеді.

9-бап. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру мақсаттары

1. Арнайы экономикалық аймақ өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті заманауи өндірістерді жедел дамыту, қызметтерді ұсынудың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейін қалыптастыру, экономика салаларына және өңірлерге инвестициялар тарту, жаңа технологиялар ендіру, сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында құрылады.

2. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ шекара маңындағы сауданы және шектес жатқан шекара маңы аумақтарының экономикасын дамыту, көліктік инфрақұрылымды, туризмді және Қазақстан Республикасының шекара маңы аумақтарының мәдени өзара іс-қимылын дамыту мақсатында да құрылады.

3. Индустриялық аймақ өңірлерде кәсіпкерлікті дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2-тарау. ҮКІМЕТТІҢ, ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) мынадай:

арнайы экономикалық аймақтың мақсаттарын айқындауды, оның ережесін және нысаналы индикаторларын бекітуді қоса алғанда, оны құру туралы;

арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімін ұзарту шарттарын белгілей отырып, осындай ұзарту туралы;

арнайы экономикалық аймақты тарату туралы;

арнайы экономикалық аймақтың немесе республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құру немесе айқындау;

арнайы экономикалық аймақтың атауын өзгерту туралы шешімдер қабылдау;

3) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

б) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік органдардың және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

3-1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу;

4) республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешімді келісу;

5) мынадай үлгілік шарттар мен нысандарды:

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарын;

қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттарды;

арнайы экономикалық аймақтардың, республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі үлгілік шарттарды;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде тіркеуге арналған өтініш пен сауалнаманың нысандарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ қатысушысының қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындамағаны туралы актінің нысанын;

бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттарды әзірлеу және бекіту;

6) республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ережелерді әзірлеу және бекіту;

7) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамаларына қойылатын талаптарды бекіту;

8) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) сарапшылық кеңесті құру және оның ережесін бекіту;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы ұсыныстар енгізу;

11) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

12) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес арнайы экономикалық аймақ қызметінің тиімділігін бағалау;

14) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізілімін және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы талдамалық ақпарат беру;

16) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17) жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

18) арнайы экономикалық аймақтардың және мемлекеттік индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

19) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

20) шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

21) тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

22) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23) алып тасталды - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушылары арасында жер учаскелерін бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

24-1) бірыңғай үйлестіру орталығын айқындау;

25) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыретіне:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;

3) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін келісу;

4) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін келісу;

5) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;

3) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін келісу;

4) алып тасталды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдау;

3) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты, сондай-ақ шағын индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдау;

4) жекеше индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамасын келісу;

4-1) ерекше индустриялық аймақ мәртебесін бере отырып, ерекше индустриялық аймақтар құру тұжырымдамасын келісу;

4-2) ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айыру туралы шешім қабылдау;

5) жалпы санының елу пайызынан кем емес кәсіпкерлік субъектілері өкілдерінің қатысуымен өңірлік үйлестіру кеңесін құру;

6) республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың үлгілік ережесі негізінде республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы ережені бекіту;

7) индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын қоса алғанда, индустриялық аймақты құру жобаларын сараптау, сондай-ақ құрылатын индустриялық аймақ үшін инфрақұрылым салу кезінде жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

8) индустриялық аймақтарды дамыту жоспарларының жобаларын әзірлеу;

9) индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын айқындау;

10) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды орналастыру үшін жер учаскелерін беру және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларымен мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттары негізінде арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарын жасасу;

11) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын тарту;

12) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасасу;

12-1) құрылуына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасасу;

12-2) құрылуына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкілетті органмен келісу

бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасасу;

13) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтар қатысушыларының қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын, бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын орындауына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ мониторингтің деректерін талдау;

13-1) осы Заңның талаптарына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда арнайы экономикалық аймақтың қатысушысымен немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғамен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясынан уақытша жер пайдалану құқығын бір мезгілде жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның пайдасына иеліктен шығаруға байланысты арнайы экономикалық аймақ құрылатын, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын жасасу;

14) жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.10.2020 бастап қолданысқа енгізіледі)); 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, ЖҰМЫС ІСТЕУІ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУЫ

15-бап. Арнайы экономикалық аймақты құру тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақты құруға мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ұсына отырып, уәкілетті органға арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізеді.

2. Уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамаларына қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексереді. Уәкілетті орган тұжырымдаманы тексеру нәтижелері бойынша үш жұмыс күні ішінде өтініш

берушіге ұсынылған материалдарды сарапшылық кеңестің қарауына енгізу туралы хабарлама жібереді не оларды тұжырымдаманың көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты қайтарады.

Сарапшылық кеңес арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды дайындайды.

3. Сарапшылық кеңес:

- 1) арнайы экономикалық аймақты құру экономикалық тұрғыдан орынсыз болған;
- 2) арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарына сәйкес келмеген;
- 3) арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеген;
- 4) адамдардың өмірі мен денсаулығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері төнген және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда теріс қорытынды шығарады.

4. Сарапшылық кеңес оң қорытынды шығарғаннан кейін уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақты құру туралы қаулысының жобасын әзірлейді және оны, сарапшылық кеңестің қорытындысын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

Сарапшылық кеңестің теріс қорытындысы болған жағдайда уәкілетті орган:

- 1) арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсынысты осындай қайтару себептерін көрсете отырып, сарапшылық кеңестің қорытындысы шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақты құру туралы қаулысының жобасын, сарапшылық кеңестің қорытындысын қоса бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді.

16-бап. Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуге мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертудің негіздемесін (қаржылық-экономикалық есеп-қисаптарды) ұсына отырып, уәкілетті органға арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс енгізеді.

Ұсынысты бірнеше заңды тұлға бірлесіп беруі мүмкін.

2. Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныстың орындылығы туралы мәселені уәкілетті орган осындай ұсыныс енгізілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты:

1) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарына сәйкес келмеген;

2) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеген;

3) адамдардың өмірі мен денсаулығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері төнген, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған;

4) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс негізсіз болған;

5) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын аумақтағы жерлердің құрамынан шығарылуға жататын жер учаскесінде инфрақұрылым объектілері не осы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы аумағында қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланатын жер учаскелері болған жағдайларда қабылдамайды.

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты қабылдамау арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныспен кейіннен жүгінуге кедергі болып табылмайды.

3. Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы алдын ала шешімді уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органымен келісу бойынша қабылдайды.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген шешім қабылданғаннан кейін жиырма жұмыс күні ішінде уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс енгізеді.

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4-1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін арнайы экономикалық аймақ шекараларындағы жер учаскесімен бірге беру арнайы экономикалық аймақтың шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

Арнайы экономикалық аймақтар шекараларындағы жер учаскесінде орналасқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісі арнайы экономикалық аймақтың аумағында қалады.

5. Арнайы экономикалық аймақтардың алаңын азайту кезінде босатылатын жерді жер санаттарына жатқызу Қазақстан Республикасының Жер кодексінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (01.10.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу шарттары

1. Арнайы экономикалық аймақ оның қатысушыларының стандарттау саласындағы уәкілетті орган бекіткен экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышының белгілі бір бөліміне сәйкес келетін басым қызмет түрлерін жүзеге асыруы үшін жиырма бес жылға дейінгі мерзімге құрылады.

Арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 295-2-бабына сәйкес, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде он бес миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыруды көздейтін, инвестициялар туралы келісім жасасқан арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқық режимінің жұмыс істеу мерзімі, арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері инвестициялар туралы келісімнің қолданылу мерзіміне сақталады.

2. Арнайы экономикалық аймақтар мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерінде не Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскелерінде құрылады.

Арнайы экономикалық аймақтар азаматтардың және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі жер учаскелерінде де құрылады.

Арнайы экономикалық аймақтар осы баптың 3-2-тармағына сәйкес арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары сатып алған жер учаскелерінде де жұмыс істейді.

3. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын, басым қызмет түрлерін жүзеге асыруға, инфрақұрылым объектілерін салуға, сондай-ақ қосалқы және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына арнайы экономикалық аймақты құру мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалдауға) беріледі.

Басқарушы компания мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін:

1) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар негізінде басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына, бейінді емес қызметті

жүзеге асыру туралы шарт негізінде бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға – өтеусіз негізде;

2) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға өтеулі негізде береді.

Қосалқы және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған арнайы экономикалық аймақ аумағының жиынтық алаңы арнайы экономикалық аймақ аумағының жалпы алаңының елу пайызынан аспауға тиіс.

Бұл ретте арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларына және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға беру үшін жер учаскелерін бөлуді жүзеге асырады.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы жер учаскесінің жобаны іске асыру үшін көзделген бір бөлігін онда айқындалған кезеңдерге сәйкес резервке қоюға міндетті. Бұл ретте осылайша резервке қойылған жер учаскелерін басқарушы компания тиісті шарт жасалған арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның келісімінсіз өзге тұлғаларға бере алмайды немесе өзгеше түрде иеліктен шығара алмайды, бұған осындай қатысушының немесе тұлғаның жобаны кезең-кезеңімен іске асыру жөніндегі міндеттемелерді орындамау жағдайлары кірмейді.

Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілері басқарушы компанияға мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталды толықтыру есебіне берілуі мүмкін.

Басқарушы компания кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілерін қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) бере алады.

3-1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда, арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының талаптарына сәйкес мемлекеттік әріптеске беру үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығарады. Осы бапқа сәйкес уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару арнайы экономикалық аймақ құрылатын, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) шартын тоқтату үшін негіз болып табылады.

3-2. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сервитуттар ескеріле отырып, шетелдік заңды тұлғаларды қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына меншікке берілуі мүмкін.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін осындай учаскелер осы Заңның 16-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын аумақтағы жерлердің құрамынан шығарылуға жатады.

4. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жер учаскелері бюджет қаражаты және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Инфрақұрылым объектілерін салуды немесе реконструкциялауды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалады.

Арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың аумағы шегінде өздеріне берілген учаскелердің шекарасынан тыс жерде өздеріне қажетті инфрақұрылым объектілерін өз қаражаты есебінен салуды, осындай құрылыс учаскелерін қозғайтын арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен және арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен осындай құрылыс келісілген жағдайда жүзеге асыруға құқылы.

5. Арнайы экономикалық аймақ құрылатын, басым және (немесе) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жеке меншіктегі жер учаскелерін олардың меншік иелері арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шартына сәйкес басқарушы компанияға уақытша пайдалануға (жалға) бере алады.

Басқарушы компания арнайы экономикалық аймақ құрылатын, басым және (немесе) қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған жеке меншіктегі жер учаскелерін арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беруге құқылы.

Арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) және арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шарттары тиісінше арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдаланудың (жалдаудың) және арнайы экономикалық немесе

индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарына сәйкес осындай арнайы экономикалық аймақ құрылатын мерзімнен аспайтын мерзімге жасалады.

Жер учаскесінің меншік иесі осы Заңның талаптарына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың аумағында арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте жер учаскесінің меншік иесімен арнайы экономикалық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарты жасалмайды.

6. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының ережелері осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жеке меншігіндегі жер учаскелеріне қолданылмайды.

7. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде:

1) мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтердің уақтылы және сапалы ұсынылуын;

2) ұсынылатын мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтер бойынша ақпараттық көмек көрсетілуін қамтамасыз ететін "бір терезе" қағидаты қолданылады.

8. "Бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуды арнайы экономикалық аймақтың аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

"Бір терезе" қағидаты бойынша өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсынуды арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы жүзеге асыруы мүмкін.

9. Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру үшін қажет объектілерді салуды және пайдалануға енгізуді жүзеге асыруға тиіс мерзімдерді көрсету:

1) қызметті жүзеге асыру туралы;

2) бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы;

3) басқарушы компания мен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арасында жасалатын, арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) және кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау);

4) жер учаскесінің меншік иесі мен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арасында

жасалатын, арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) және уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шарттарындағы міндетті талап болып табылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

18-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтініштерді қарау рәсімі

1. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның қызметі қызметті жүзеге асыру туралы шартқа немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады, оларды жасасу үшін өтініш беруші осы бапқа сәйкес арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына тиісті өтінішті береді.

2. Мыналар:

1) жер қойнауын пайдаланушылар;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 462-бабының б) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өндіретін ұйымдар;

3) арнаулы салық режимдерін қолданатын ұйымдар мен дара кәсіпкерлер;

4) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін инвестициялар жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған, аяқталмаған келісімшарттар бойынша инвестициялық салықтық преференцияларды қолданатын ұйымдар;

5) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйымдар;

б) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішті берушілерге жатпайды.

Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймаққа қатысты өтініш берушілерге шетелдік жеке және заңды тұлғалар жатпайды.

3. Егер осы баптың 4-тармағында өзгеше көзделмесе, арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішке қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мынадай құжаттар:

1) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі;

5) заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;

6) өтініш берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған, соңғы қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің көшірмесі қоса беріледі.

Егер өтініш беруші қызметті өтініш берілген күнге дейін 12 айдан аз жүзеге асырса, онда қаржылық есептілікті ұсыну ол болған кезде соңғы есепті күнге жүзеге асырылады;

7) жобаның уәкілетті орган белгілеген талаптарға сай келетін техникалық-экономикалық негіздемесі қоса беріледі.

Ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологиялар саласында арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берілген кезде жобаның негіздемесі қоса беріледі;

8) қызмет көрсететін банктің өтініш берушінің банктік шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмесі және кредиттік бюродан алынатын кредиттік есеп;

9) тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

10) осы баптың 16 және 17-тармақтарына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы;

11) егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы қоса беріледі.

Егер заңды тұлға құжаттарды беру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, онда мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеуде жоқ екендігі туралы анықтаманың көшірмесі ұсынылады.

Шетелдік заңды тұлғалар осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген заңдастырылған құжаттарды, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді көшірмені немесе шетелдік заңды тұлғаның шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын заңдастырылған басқа құжатты қазақ және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен бірге ұсынады.

4. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ

үшін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған өтінішке қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мынадай құжаттар:

1) дара кәсіпкер үшін:

уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған өтініш беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

осы баптың 16-тармағына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы (бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін);

егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы;

2) заңды тұлға үшін:

уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтініш берушінің сауалнамасы;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

өтініш берушінің бірінші басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жарғының көшірмесі;

өтініш беруші заңды тұлғаның жоғары органының арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі;

өтініш берушінің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын адам, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің көшірмесі қоса беріледі. Егер өтініш беруші қызметті өтініш берілген күнге дейін 12 айдан аз жүзеге асырса, онда қаржылық есептілікті ұсыну ол болған кезде соңғы есепті күнге жүзеге асырылады;

тіркеу есебіне қойылған жеріндегі мемлекеттік кіріс органының салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектің бар немесе жоқ екені туралы анықтамасы;

осы баптың 16-тармағына сәйкес жобаны қаржылық қамтамасыз етудің растамасы (бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар үшін);

егер жобаны іске асыру объектілер (құрылысжайлар, құрылыстар) салуды талап етсе, аумақтың эскиздік жобасы қоса беріледі.

5. Өтініш беруші өтініш берген кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы:

1) өтініш берілген күні оны өтініштерді тіркеу журналында тіркеуге және бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастыруға;

2) ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексеруге міндетті.

6. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы өтінішті жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес қарайды.

7. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мәлімделген қызмет түрі, оның ішінде бірыңғай технологиялық процесс шеңберіндегі қызмет түрлері арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына, басым қызмет түрлеріне, өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар осы баптың 3 немесе 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда өтініш берушіге қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

8. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы мәлімделген қызмет түрі өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар осы баптың 3 немесе 4-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіге бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.

9. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шартты немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасудан бас тарту туралы шешімді оны қабылдау негіздемесімен бірге өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде жіберуге және бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

10. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы осы баптың 7 және 8-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып, өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шартқа немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартқа қол қояды.

11. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасалған кезден бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай үйлестіру орталығына қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың көшірмесін жібереді және шарт жасасу туралы ақпаратты бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастырады.

12. Бірыңғай үйлестіру орталығы тиісті шарттың көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде өтініш беруші туралы мәліметтерді арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізеді және тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлік береді немесе куәлік бермей бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізеді.

Арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бірыңғай үйлестіру орталығы осындай тұлғаларды және арнайы экономикалық аймақтың басқарушы

компаниясын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алғаны туралы хабардар етеді. Бірыңғай үйлестіру орталығы мемлекеттік кіріс органдарын да тұлғаны арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізу туралы хабардар етеді.

Аталған тұлғаларды арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізіліміне енгізу туралы ақпарат бірыңғай үйлестіру орталығының интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлік алынғаннан кейін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен салықтық жеңілдіктерді алуға құқылы.

14. Мемлекеттік кіріс органдары бірыңғай үйлестіру орталығының хабарламасын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын есепке алуды жүзеге асырады.

15. Қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы:

- 1) арнайы экономикалық аймақ таратылған кезде;
- 2) қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған кезде;
- 3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында немесе қызметті жүзеге асыру туралы шартта немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарттың немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай үйлестіру орталығын және мемлекеттік кіріс органдарын тиісті шарт қолданысының тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

16. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берген кезде өтініш берушілер жоба құнының кемінде он пайызы мөлшерінде қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) ақшамен;
- 2) банктік кепілдікпен;
- 3) өтініш беруші үшін осы тармақта көзделген тәсілдермен кепілгердің қаржылық қаражатының бар екенінің растамасы қоса берілген кепілгерлікпен;
- 4) мүлік кепілімен;

5) сақтандыру шартымен растауға тиіс.

Өтініш беруші қаржылық қамтамасыз ету тәсілдерінің кез келгенін, оның ішінде бірнеше тәсілді комбинациялау арқылы таңдауға құқылы.

Осы тармақтың ережелері шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына қолданылмайды.

17. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алған кезден бастап екі жыл ішінде жоба құнының қалған бөлігіне қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін растауға тиіс.

Жобасының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің он бес миллион еселенген мөлшерінен асатын арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесін алған кезден бастап үш жыл ішінде қаржылық қамтамасыз етудің бар екенін растауға тиіс.

Осы тармаққа сәйкес қаржылық қамтамасыз етуді арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну кезінде іске асырылмай қалған жоба құнының бір бөлігіне ұсынады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қызмет түрін арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу тәртібі

1. Арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушысы немесе арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы уәкілетті органға қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Уәкілетті органның қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішті қарау қорытындылары бойынша тиісті шешім мен өтінішті уәкілетті орган қорытынды беру үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

2. Қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішке жобаның паспорты, жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалауды талдау және республикалық және жергілікті бюджеттердің шартты шығасыларының есеп-қисаптары қоса беріледі.

3. Қызмет түрлерін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы өтінішті қарау тәртібі мен мерзімі арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларына сәйкес қаралады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар қызмет түрін басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізу туралы оң қорытынды берген жағдайда уәкілетті орган мәлімделген қызмет түрін арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асырылатын басым қызмет түрлерінің тізбесіне енгізеді.

Басым қызмет түрлерінің тізбесі бірыңғай үйлестіру орталығының ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға мәртебесінен айыру рәсімі

1. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға осы Заңның 18-бабының 16 және 17-тармақтарында көзделген талаптарды сақтамаған жағдайда осындай қатысушымен немесе тұлғамен жасалған қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт осы Заңда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында және қызметті жүзеге асыру туралы шартта немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген тәртіппен бұзылуға жатады.

2. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның жобаны іске асыруға әсер ететін шарттың талаптарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамағаны анықталған кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы анықталған бұзушылықтарды жою үшін күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзім белгіленетін тиісті акт жасайды және оны осындай қатысушыға немесе тұлғаға жібереді.

3. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлға шарт бойынша міндеттемелерді елеулі бұзған мынадай жағдайларда:

1) қатысушы немесе тұлға шартта көзделген объектілерді жобалауды жүргізу, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру және пайдалануға беру мерзімдерін дәлелсіз себептермен қатарынан күнтізбелік алты айдан артық сақтамаса;

2) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен келісілмей қатысушының немесе тұлғаның қызметі күнтізбелік екі айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрса;

3) қатысушы немесе тұлға шарт талаптарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды осы баптың 2-тармағында көзделген

актіде айқындалған мерзімде жоймаса, қызметті жүзеге асыру туралы шартты немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты тәртіппен бұзады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген негіздер бойынша шартты бұзу кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) шартын немесе жер учаскесін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартын бұзуға да алып келеді.

5. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шарт немесе бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарт бұзылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы мемлекеттік кіріс органын, бірыңғай үйлестіру орталығын, сондай-ақ облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органын хабардар етеді.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға үміткер тұлғаларға қойылатын талаптар

1. Қосалқы қызмет түрлері арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтың аумағында қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғамен жасасатын қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға үміткер тұлғалар мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндіруші болып табылуға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде тіркелуге тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде, қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға үміткер тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде жіберуге өтініш береді.

Өтінішке тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттардың тізбесіне сәйкес қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі құжаттар қоса беріледі.

22-бап. Тұлғаларды қосалқы қызмет түрін жүзеге асыруға жіберу негізі мен рәсімі

1. Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде жіберуге арналған өтініш келіп түскен кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы:

1) ұсынылған құжаттардың тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттар тізбесіне сәйкестігін тексереді;

2) қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде жіберуге арналған өтінішті өтініштерді тіркеу журналында тіркейді. Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға

ретінде жіберуге арналған өтініштің берілген күні оның тіркелген күні болып табылады.

2. Ұсынылған құжаттар тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттардың тізбесіне сәйкес келген кезде арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасады және бұл туралы әрекет ету аймағында арнайы экономикалық аймақ орналасқан мемлекеттік кіріс органын тұлғаның арнайы экономикалық аймақ аумағында қосалқы қызмет түрін жүзеге асыруға жіберілгені туралы хабардар етеді.

3. Арнайы экономикалық аймақ аумағында қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға үміткер тұлғалар мұндай құқықты алу үшін арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтың қатысушысымен жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындауға шарт жасасуы да мүмкін.

4. Ұсынылған құжаттар тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған құжаттардың тізбесіне сәйкес келмеген жағдайда, арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде жіберуге арналған өтінішті осындай өтініш тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарып береді. Қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлға ретінде жіберуге арналған өтінішті қайтарып беру тұлғаны жол берілген кемшіліктер жойылғаннан кейін қайтадан өтінішпен жүгіну құқығынан айырмайды.

23-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Арнайы экономикалық аймақтың аумағын электр, жылу энергиясымен, газбен, сумен жабдықтауды жүзеге асыратын және коммуналдық қызметтер көрсететін өнім берушілер осындай көрсетілетін қызметтердің өзге тұтынушыларына ұқсас түрде осындай көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

24-бап. Арнайы экономикалық аймақты тарату

1. Арнайы экономикалық аймақ осы арнайы экономикалық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

2. Өздеріне арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы жер учаскелерін кейінгі жер пайдалану (қосалқы жалдау) құқығы тиесілі арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде оларды сатып алу құқығы бар.

Бұл ретте осындай арнайы экономикалық аймақтың аумағы – республикалық маңызы бар индустриялық аймақ мәртебесіне, оның басқарушы компаниясы – индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мәртебесіне, ал осындай арнайы

экономикалық аймақтың қатысушылары мен қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар индустриялық аймақтың қатысушылары мәртебесіне ие болады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығын беру

1. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелген және арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген заңды тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың аумағында басым және (немесе) бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығы осы баптың мақсаттары үшін арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы деп түсініледі.

2. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар заңды тұлға осындай құқығы бар заңды тұлғалармен біріккен кезде арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығын қайта ресімдеу осы бапта айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар заңды тұлға басқа заңды тұлғалармен біріккен жағдайда, арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бірігу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға осы Заңның 18-бабының 3 немесе 4-тармағына сәйкес қайта ресімделуге жатады.

3. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар бір түрдегі заңды тұлғаны басқа түрдегі заңды тұлға етіп қайта құрған кезде, қайта құру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны үшін арнайы экономикалық аймақта қандай да бір қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы жаңадан пайда болған заңды тұлғаға осы бапта белгіленген тәртіппен қайта ресімдеуге жатады.

4. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар заңды тұлға басқа заңды тұлғаға қосылған кезде, арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы қосылу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға осы Заңның 18-бабының 3 немесе 4-тармағына сәйкес қайта ресімдеуге жатады.

Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар заңды тұлға осындай құқығы бар заңды тұлғаға қосылған жағдайда, арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығын қайта ресімдеу осы бапта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бар заңды тұлғаның құрамынан бір немесе бірнеше заңды тұлғаны бөліп шығарған кезде, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның келісуі болған жағдайда арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға осы Заңның 18-бабының 3 немесе 4-тармағына сәйкес қайта ресімдеуге жатады.

6. Арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығына ие заңды тұлға бөлінген кезде, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның келісуі болған жағдайда арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығы бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаларға осы Заңның 18-бабының 3 немесе 4-тармағына сәйкес қайта ресімдеуге жатады.

7. Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде, 3-тармағында, 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығын қайта ресімдеу жаңадан құрылған заңды тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына қайта ұйымдастырылуды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.

Осы бапта көзделген өзге жағдайларда, арнайы экономикалық аймаққа қатысу құқығын қайта ресімдеуге осы Заңда көзделген талаптар сақталған жағдайда жол беріледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

26-бап. Индустриялық аймақтардың түрлері

Индустриялық аймақтар мемлекеттік және жекешелік болып бөлінеді.

Мемлекеттік индустриялық аймақтар мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) республикалық маңызы бар индустриялық аймақ;
- 2) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ;
- 3) шағын индустриялық аймақ.

27-бап. Индустриялық аймақты құру туралы жалпы ережелер

1. Егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, егер жергілікті бюджеттен толық не ішінара қаржыландырылуын жүзеге асыру болжанған жағдайда, индустриялық аймақ өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ деп танылады.

2. Мыналар:

1) егер республикалық бюджеттен толық не ішінара қаржыландырылуын жүзеге асыру болжанған жағдайда, индустриялық аймақ;

2) осы Заңның 24-бабына сәйкес арнайы экономикалық аймақ таратылғаннан кейін мәртебе алған индустриялық аймақ республикалық маңызы бар индустриялық аймақ деп танылады.

3. Жергілікті атқарушы орган осы баптың 1 немесе 2-тармағында көзделген индустриялық аймақ құрылған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығына хабарлайды.

4. Жекеше индустриялық аймақты жеке тұлғалар не мемлекеттік емес заңды тұлғалар өз қаражаты, жекеше инвестициялар, қарыздар есебінен құрады.

Ерекше индустриялық аймақтың аумағында ішкі инженерлік инфрақұрылым объектілерін (инженерлік коммуникациялар) салуды (реконструкциялауды) қаржыландыруды ерекше индустриялық аймақтың жер учаскесінің меншік иесі (меншік иелері) өз қаражаты, жекеше инвестициялар, қарыздар есебінен жүзеге асырады.

Жекеше индустриялық аймақтың шекарасына дейінгі инфрақұрылым объектілерін салуды (реконструкциялауды) қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте жекеше индустриялық аймақтардың меншік иелері – жеке тұлғалар немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар индустриялық аймақ құрылған кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығына хабарлайды.

5. Шағын индустриялық аймақ шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидаларына сәйкес құрылады және жұмыс істейді.

Бұл ретте шағын индустриялық аймақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілетін, пайдалануға енгізілген өндірістік және өзге де ғимараттардың (үй-жайлардың) аумағында орналасуға тиіс.

6. Республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтарды құру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекеше инвестициялар тартылуы мүмкін.

7. Индустриялық аймақтың аумағындағы оның мәртебесін пайдалануға байланысты барлық мәміле индустриялық аймақтардың бірыңғай тізіліміне индустриялық аймақ енгізілгеннен кейін жарамды болып табылады.

8. Қатысушыларды индустриялық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға жіберу индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мен индустриялық аймақтың қатысушылары арасында жасалатын қызметті жүзеге асыру туралы шарттар негізінде жүргізіледі.

Мұндай шарттар қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарт негізінде жасалады. Индустриялық аймақтардың барлық қатысушысына, олардың түріне қарамастан, жасалған шарттардың талаптарына сәйкес олардың тұрақтылығына кепілдік беріледі.

Қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттың нысанында индустриялық аймақтардың барлық түрі үшін міндетті және өзгермейтін талаптар мен тараптардың келісуі бойынша өзгертілуі мүмкін талаптар көзделеді.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру тәртібі

1. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсынысты тұжырымдамасын қоса бере отырып облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы уәкілетті органға енгізеді.

2. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамасына қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексереді. Тұжырымдаманы тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органды тұжырымдаманың сарапшылық кеңестің қарауына шығарылғаны туралы хабардар етеді не тұжырымдаманың көрсетілген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты уәжді бас тарту жібереді.

Сарапшылық кеңес республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды дайындайды.

3. Сарапшылық кеңес оң қорытынды берген жағдайда, уәкілетті орган осындай қорытынды шығарылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құруға жазбаша келісім береді.

Мұндай келісім облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешім шығаруы үшін негіз болып табылады.

4. Сарапшылық кеңес теріс қорытынды шығарған жағдайда, уәкілетті орган республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсынысты қабылдамайды.

Сарапшылық кеңес:

1) республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру экономикалық тұрғыдан орынсыз болған;

2) республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсыныс мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарына сәйкес келмеген;

3) ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеген;

4) адамдардың өмірі мен денсаулығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері төнген және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда, теріс қорытынды шығарады.

Уәкілетті орган осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген негіздер бойынша уәжді бас тартуды сарапшылық кеңес қорытынды шығарған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына жазбаша нысанда жібереді.

Республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы ұсынысқа бас тарту алу мұндай ұсыныспен кейіннен жүгінуге кедергі болып табылмайды.

5. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешім шығарылғаннан кейін республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың болжамды құрылу орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың

жергілікті атқарушы органы республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құрады немесе айқындайды, оған Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен осындай индустриялық аймақты орналастыру үшін жер учаскесі беріледі.

6. Тиісті жергілікті атқарушы орган республикалық маңызы бар индустриялық аймақты орналастыруға жер учаскесі берілген кезден бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығына хабарлайды.

7. Осы баптың талаптары осы Заңның 24-бабында көзделген тәртіппен республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру жағдайларына қолданылмайды.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру тәртібі

1. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешімді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы қабылдайды.

Тиісті жергілікті атқарушы орган шешім қабылдаумен қатар өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын әзірлеп, оны жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырады.

2. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру тұжырымдамасында:

- 1) индустриялық аймақты құру мақсаттары;
- 2) индустриялық аймақтың жобаларын іріктеу өлшемшарттарының тізбесі;
- 3) қоршаған ортаға әсер етуді бағалау;
- 4) болжамды қаржылық-экономикалық және әлеуметтік салдарлар;
- 5) индустриялық аймақтың орналасу схемасы;

6) тұжырымдамада көзделген іс-шаралардың мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі туралы деректер;

7) әрбір құрамдас бөлінісінде іс-шараларды іске асыруға арналған қаржыландыру көлемінің есеп-қисаптары мен тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктері;

7-1) дайын өндірістік үй-жайлардың құрылысы туралы ақпарат;

8) индустриялық аймақ пен оның инфрақұрылымын дамыту жоспарының жобасы қамтылуға тиіс.

3. Жергілікті атқарушы органның өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешімінің жобасы қарау үшін міндетті түрде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Қоғамдық кеңесіне жіберіледі.

4. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты құру туралы шешім шығарылғаннан кейін өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың болжамды құрылу орны бойынша

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құрады немесе айқындайды және Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен жер учаскесін ресімдейді.

5. Тиісті жергілікті атқарушы орган өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты орналастыруға жер учаскесі берілген кезден бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығына хабарлайды.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. Жекеше индустриялық аймақты құру тәртібі

1. Жекеше индустриялық аймақтарды:

1) жекеше индустриялық аймақ мәртебесі берілетін жер учаскелерінің;
2) осы жер учаскелерінде кәсіпкерлік қызметті олардың аумағында жүзеге асыру үшін қажетті инфрақұрылым объектілерінің меншік иелері болып табылатын жеке тұлғалар немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрады.

2. Жекеше индустриялық аймақтардың меншік иелері:

1) индустриялық аймақты құру мақсаттары;
2) қоршаған ортаға әсер етуді бағалау;
3) индустриялық аймақтың болжамды орналасу схемасы қамтылатын жекеше индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын міндетті түрде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келіседі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптардан басқа, ерекше индустриялық аймақты құру тұжырымдамасы:

ерекше индустриялық аймаққа инвестициялар тарту жоспарын, оның ішінде жобаларды іске асыру кезеңдері мен мерзімдерін;

сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттары негізінде индустриялық аймақтарды құру және дамыту тәжірибесі бар мемлекеттік емес заңды тұлға тартылған жағдайда әлеуетті басқарушы компаниямен ниеттер хаттамасын;

ерекше индустриялық аймақтың тиісті өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысуын қамтиды.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жекеше индустриялық аймақты құру тұжырымдамасы келіп түскен кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тұжырымдаманы тиісті елді мекеннің бас құрылыс салу жоспарына және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

4. Жекеше индустриялық аймақты құру тұжырымдамасы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органымен келісілгеннен кейін

жекеше индустриялық аймақтың меншік иесі индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын жүзеге асыруы үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлғаны тіркеуге немесе айқындауға тиіс.

5. Жекеше индустриялық аймақтардың меншік иелері жекеше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы тіркелген кезден бастап жиырма жұмыс күні ішінде бұл туралы бірыңғай үйлестіру орталығына хабарлайды.

6. Жекеше индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары осы Заңның 27-бабының 8-тармағына сәйкес индустриялық аймақтардың қатысушыларымен қызметті жүзеге асыру туралы шарттар жасасуға тиіс.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-бап. Индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту тәртібі

1. Индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты:

1) республикалық маңызы бар индустриялық аймақтар бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы уәкілетті органға;

2) өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтар бойынша – индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуге мүдделі жеке немесе заңды тұлғалар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті жергілікті атқарушы органына енгізеді.

Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар ресімделгеннен кейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бірыңғай үйлестіру орталығын жүргізілген өзгерістер туралы хабардар етеді.

2. Жекеше индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес оның меншік иесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Жерге құқық белгілейтін құжаттар ресімделгеннен кейін жекеше индустриялық аймақтың меншік иесі бірыңғай үйлестіру орталығын жүргізілген өзгерістер туралы хабардар етеді.

3. Индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысқа:

1) ұсынылатын өзгерістердің негіздемелер мен қаржылық-экономикалық есеп-қисаптарды қамтитын тұжырымдамасы;

2) қоршаған ортаға әсер етуді бағалау қоса беріледі.

4. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертудің орындылығы туралы мәселе мұндай

ұсыныс енгізілген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қаралады. Осы мерзім өткен соң мұндай ұсыныстың бастамашысына индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты қарау нәтижелері туралы қорытынды жіберіледі.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгертуді мақұлдаған жағдайда, жер учаскесін ресімдеу осындай индустриялық аймақтың тұрған жері бойынша Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Жекеше индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы шешімді оның меншік иесі қабылдайды.

32-бап. Индустриялық аймақтар аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныстарды қабылдамау үшін негіздер

1. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс:

1) индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарына сәйкес келмеген;

2) индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеген;

3) адамдардың өмірі мен денсаулығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері төнген, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған;

4) индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс негізсіз болған жағдайларда қабылданбауы мүмкін.

2. Жергілікті атқарушы орган жекеше индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту кезінде жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеуден:

1) индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес келмеген;

2) адамдардың өмірі мен денсаулығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері төнген, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болған;

3) жекеше индустриялық аймақ мәртебесін қолдану жоспарланатын жер учаскелеріне өтініш бастамашысының меншік құқықтарының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттар болмаған;

4) жекеше индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерткен кезде аумағында жекеше индустриялық аймақ аумағының бір бөлігін

орналастыру жоспарланатын жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) келісімі болмаған жағдайларда бас тартуы мүмкін.

3. Индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты қабылдамау индустриялық аймақ аумағының шекараларын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныспен кейіннен жүгінуге кедергі болып табылмайды.

33-бап. Индустриялық аймақтардың жұмыс істеу шарттары

1. Республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтар мемлекеттік меншіктегі және Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерінде кемінде жиырма жыл мерзімге құрылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген индустриялық аймақтың жұмыс істеу мерзімі жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3. Индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына индустриялық аймақтың құрылу мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беріледі.

Басқарушы компания республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушыларына осы Заңға сәйкес қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың негізінде жер учаскелерін береді.

Бұл ретте жер учаскелерін индустриялық аймақтың қатысушыларына беру үшін оларды бөлуді индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы жүзеге асырады. Мұндай бөлу кезінде таңдау тәсіліне жол берілмейді.

Жекеше индустриялық аймақты орналастыру үшін пайдаланылатын жер учаскесіне уақытша пайдалану (жалдау) құқығы жекеше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына жер учаскесінің меншік иесі айқындайтын мерзімге беріледі.

Жер учаскелері жекеше индустриялық аймақтың қатысушыларына олар мен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы арасында жасалатын, индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартында айқындалған мерзімге беріледі.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес басқарушы компания жер учаскесінің индустриялық аймақтың қатысушысының жобасын іске асыру үшін көзделген бөлігін осы жобада айқындалған кезеңдерге сәйкес резервке қоюға міндетті. Бұл ретте өзімен көрсетілген шарт жасалған индустриялық аймақтың қатысушысы жобаны кезең-кезеңмен іске асыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайларды қоспағанда, басқарушы компания осылайша резервке қойылған жер учаскелерін мұндай қатысушының келісуінсіз өзге тұлғаларға бере алмайды немесе өзгеше түрде иеліктен шығара алмайды.

4. Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған

инфрақұрылым объектілері индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталды толықтыру есебіне берілуі мүмкін.

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы уақытша пайдалануға берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара түрде бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілерін индустриялық аймақтың қатысушыларына сенімгерлік басқару немесе мүліктік жалдау (жалға беру) шарттарында көзделген талаптармен мүліктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) бере алады.

5. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ құрылатын жер учаскелері бюджет қаражаты және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Инфрақұрылым объектілерін салуды немесе реконструкциялауды бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру тәртібі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Индустриялық аймақтың қатысушылары өздеріне берілген жер учаскесінің аумағында өздеріне қажетті инфрақұрылым объектілерін салуды өз қаражаты есебінен жүзеге асыруға құқылы. Мұндай объектілерді салу индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

5-1. Жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік индустриялық аймақтың аумағында осы Заңның талаптарына сәйкес қызметін мемлекеттік индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте жер учаскесінің меншік иесімен мемлекеттік индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарты жасалмайды.

6. Жекеше индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін олардың меншік иелері басқарушы компанияға – индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарттарының негізінде, ал басқарушы компания индустриялық аймақтың қатысушыларына индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шарттарының негізінде уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша өтеусіз пайдалануға береді.

Жер учаскесінің меншік иесі осы Заңның талаптарына сәйкес жекеше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының құрылтайшысы және (немесе) қатысушысы ретінде жекеше индустриялық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте жер учаскесінің меншік иесімен жекеше индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер учаскелерін уақытша пайдалану (жалдау) шарты жасалмайды.

Сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттары негізінде индустриялық аймақтарды құру және дамыту тәжірибесі бар мемлекеттік емес заңды тұлға ерекше индустриялық аймақтың жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын жағдайда, мұндай меншік иесі өзін ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы ретінде айқындауға құқылы.

Ерекше индустриялық аймақтың жер учаскесінің меншік иесі ерекше индустриялық аймақ қатысушысының жобасында көзделген барлық объект пайдалануға берілгеннен кейін жер учаскелерін ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына сатуға құқылы.

7. Осы баптың 6-тармағының ережелері осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған жеке индустриялық аймақтар қатысушыларының жеке меншігіндегі жер учаскелеріне қолданылмайды.

8. Индустриялық аймақтардың аумағында мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде:

1) мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтердің уақтылы және сапалы ұсынылуын;

2) ұсынылатын мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтер бойынша ақпараттық көмек көрсетілуін қамтамасыз ететін "бір терезе" қағидаты қолданылады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді "бір терезе" қағидаты бойынша ұсынуды республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Өзге де көрсетілетін қызметтерді "бір терезе" қағидаты бойынша ұсынуды тиісті индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы жүзеге асыруы мүмкін.

10. Ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы: энергиямен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну.

Ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының қызметі сапа менеджменті жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-1-бап. Ерекше индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі

1. Осы Заңда белгіленгендерден басқа, ерекше индустриялық аймақтың жұмыс істеу шарттары:

1) ерекше индустриялық аймақтың жер учаскесінің меншік иесі өзін ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы ретінде айқындауға құқылы;

2) ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы ерекше индустриялық аймақтың бөлінетін жер учаскесінің меншік иесі болып табылуы мүмкін екенін көздейді.

Бұл ретте ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы өз қалауы бойынша ерекше индустриялық аймақтың жер учаскелерін сату, мүліктік жалдауға (жалға), сенімгерлік басқаруға беру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жарғылық капиталды толықтыру есебінен беруі мүмкін.

2. Сатылған жағдайда жер учаскесі ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына оның кепілін және үшінші тұлғаларға қосалқы жалға берілуін шектей отырып, құрылыс объектісі пайдалануға берілгенге дейінгі уақытқа және осы жер учаскесін құрылыс объектісі пайдалануға берілгеннен кейін сатып алудың айрықша құқығымен мүліктік жалдауға (жалға) беріледі.

Бұл ретте ерекше индустриялық аймақтың жер учаскелерін ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына сату қызметті жүзеге асыру туралы шарттың және жер учаскесін сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сатылатын жер учаскесін артықшылықпен сатып алу құқығы сақталған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

3. Ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы ерекше индустриялық аймақтың қатысушысы ерекше индустриялық аймақтың аумағында жобаны іске асыру мерзімдерін бірнеше рет бұзған жағдайда, қызметті жүзеге асыру туралы шартта және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында айқындалған талаптарда және тәртіппен ерекше индустриялық аймақ қатысушысының қызметті жүзеге асыру туралы шартын бұзуға құқылы.

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттарға сәйкес басқарушы компания жер учаскесінің ерекше индустриялық аймақ қатысушысының жобасын іске асыру үшін көзделген бір бөлігін осы жобада айқындалған кезеңдерге сәйкес резервке қоюға міндетті. Бұл ретте көрсетілген шарт жасалған ерекше индустриялық аймақ қатысушысының жобаны кезең-кезеңімен іске асыру жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындамау жағдайларын қоспағанда, осындай қатысушының келісімінсіз басқарушы компания осылайша резервке қойылған жер учаскелерін өзге тұлғаларға бере алмайды немесе өзгеше түрде иеліктен шығара алмайды.

4. Ерекше индустриялық аймақтың меншік иесі ерекше индустриялық аймақтың ішкі инженерлік инфрақұрылым объектілерін (инженерлік коммуникацияларды) қаржыландыруды, салуды, пайдалануды және оларға қызмет көрсетуді дербес қамтамасыз етеді.

5. Ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқарушы компания алған рұқсаттар мен лицензиялар негізінде өзге де функцияларды, оның ішінде энергиямен

жабдықтауды, сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына байланыс қызметтерін ұсынуды жүзеге асырады.

6. Басқарушы компания ерекше индустриялық аймақтың аумағында қатысушылардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады.

Ерекше индустриялық аймақтың қызметін жүзеге асыру және жұмыс істеу қағидалары мен тәртібін ерекше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы айқындайды және бекітеді және олар ерекше индустриялық аймақтың қатысушылары үшін міндетті болып табылады.

7. Осы Заңда айқындалған құжаттардың үлгілік нысандары ерекше индустриялық аймақтарға қолданылмайды.

8. Ерекше индустриялық аймақтың меншік иесі ерекше индустриялық аймақтың аумағында мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің жұмысын ұйымдастыруды дербес қамтамасыз етеді.

9. Ерекше индустриялық аймақтың аумағында мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады:

1) экологиялық талаптарға және еңбек қауіпсіздігі жағдайларына сай келмейтін өндіріс;

2) қару-жарақ пен оқ-дәрілер (патрондар) шығару, қару-жарақ пен оқ-дәрілер (патрондар) саудасы;

3) ядролық материалдар мен иондандырушы сәулелену көздерін шығару, ядролық материалдар мен иондандырушы сәулелену көздері саудасы;

4) цемент, цемент клинкерін, көмірден, әктен және гипстен жасалған өнімдер өндіру;

5) барлық қалдық түрлерін қайта өңдеу, ыдырату, жағу, газдандыру, химиялық заттармен өңдеу, түпкілікті және (немесе) уақытша сақтау және (немесе) жер астына көму;

6) мұнай өңдеу зауыттарын, атом электр станцияларын, ядролық қондырғыларды, радиациялық көздерді, пайдаланылып болған ядролық отынды, радиоактивті заттар мен қалдықтарды, сондай-ақ өзге де радиоактивті қалдықтарды сақтауға, кәдеге жаратуға және қайта өңдеуге арналған пункттер мен қондырғыларды орналастыру.

10. Ерекше индустриялық аймақтардың аумағында объектілерді жобалау және салу кезінде жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындайтын мердігерлер Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауға тиіс.

11. Ерекше индустриялық аймақтардың аумағында объектілерді жобалау және салу кезінде жобалау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындайтын мердігерлер

Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауға тиіс. Экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Ерекше индустриялық аймақтың аумағында біреуден артық басқарушы компанияның жұмыс істеуіне жол берілмейді.

Ескерту. Заң 33-1-баппен толықтырылды - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

34-бап. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру

1. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ қатысушысының қызметі қызметті жүзеге асыру туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады, оны жасасу үшін өтініш беруші республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар үшін жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес өтініш береді.

2. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы тиісті өңірлік үйлестіру кеңесінің индустриялық аймаққа әлеуетті қатысушыларды жіберу жөнінде оң шешімі болған жағдайда, осындай тұлғалармен қызметті жүзеге асыруға арналған шарттар жасасады.

3. Қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы:

1) қызметті жүзеге асыру туралы шарттың мерзімі өткен немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған кезде;

2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында немесе қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

4. Индустриялық аймақтың қатысушысы қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған елеулі талаптарды бұзған жағдайда, республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы қызметті жүзеге асыру туралы шартты бұзады. Индустриялық аймақ қатысушысының міндеттемелерді орындамағаны анықталған кезде арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ қатысушысының қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындамағаны туралы актілер жасалады.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы индустриялық аймақтың қатысушысын қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындамағаны және бұзушылықтарды күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде жою қажеттігі туралы хабардар етеді.

Индустриялық аймақтың қатысушысы көрсетілген бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда, индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы индустриялық аймақтың қатысушысын қызметті жүзеге асыру туралы шарттың және (

немесе) жер учаскесін уақытша кейінгі пайдалану (қосалқы жалдау) шартының бұзылатыны туралы кемінде он жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

5. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ қатысушысының Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде жер учаскесін меншігіне сатып алуға құқығы бар.

35-бап. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты тарату

1. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ осы индустриялық аймақтың құрылу мерзімі өткен соң таратылады.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың жұмыс істеу мерзімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осындай индустриялық аймақ құру туралы тиісті шешімінде айқындалады.

2. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылғаннан кейін осындай индустриялық аймақ қатысушыларының Қазақстан Республикасының шекаралық аймағы мен шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелерін беру үшін көзделген шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен және негіздерде жер учаскелерін сатып алуға құқығы болады.

Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылған кезде республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушысы жылжымайтын мүлік объектілерін және (немесе) онымен байланысты ғимараттарды (құрылысжайларды) салуды аяқтамаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын үш жылдан аспайтын мерзімге береді

3. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақ таратылған кезден бастап осындай индустриялық аймақтың қатысушыларымен жасалған қызметті жүзеге асыру туралы шарттар өз қолданысын тоқтатады.

Таратылатын индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес таратылуға жатады.

35-1-бап. Ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айыру

1. Ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айыру:

1) жергілікті атқарушы органның;

2) ерекше индустриялық аймақтың меншік иесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Жергілікті атқарушы орган ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айыру туралы шешімді:

1) адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жағдайларында;

2) ерекше индустриялық аймақтың меншік иесі ерекше индустриялық аймақты құру тұжырымдамасында айқындалған міндеттемелерді орындамаған жағдайларда қабылдайды.

3. Ерекше индустриялық аймақ мәртебесінен айырылған жекеше индустриялық аймақ осы Заңға сәйкес жалпы негіздерде қызметін жүзеге асыруды жалғастырады.

Ескерту. Заң 35-1-баппен толықтырылды - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. БІРЫҢҒАЙ ҮЙЛЕСТІРУ ОРТАЛЫҒЫ

36-бап. Бірыңғай үйлестіру орталығы

1. Бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

2. Бірыңғай үйлестіру орталығының міндеттері арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту, ілгерілету және олардың инвестициялық тартымдылығын арттыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды тиімді және тұрақты дамыту мақсаттарында бірыңғай үйлестіру орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қаржыландыру көздерін тартуға және пайдалануға құқылы.

4. Бірыңғай үйлестіру орталығы өз қызметінде уәкілетті органға есеп береді.

Бірыңғай үйлестіру орталығының басшылығын уәкілетті орган тағайындайды және босатады.

37-бап. Бірыңғай үйлестіру орталығының құзыреті

Бірыңғай үйлестіру орталығының құзыретіне:

1) мемлекеттік органдармен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қатысушыларымен (акционерлерімен), басқарушы компанияларымен, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларымен, бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалармен осындай қатысушылар мен тұлғаларды тіркеу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасу;

2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының мемлекетке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерін (акцияларын) сенімгерлік басқару;

4) арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізу;

5) бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бірыңғай тізілімін жүргізу;

- 6) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті беру;
- 7) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу;
- 8) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумақтарында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;
- 9) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін мониторингтеу;
- 10) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының даму стратегиясында көрсетілген нысаналы индикаторларға қол жеткізуін мониторингтеу;
- 11) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту және ілгерілету бойынша қызметтер көрсету, оның ішінде:
- басқару, ішкі бизнес-процестер моделі мен корпоративтік құжаттарды әзірлеу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына ендіру;
- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың даму стратегиясын, арнайы экономикалық аймақтар үшін жобаларды іріктеу өлшемшарттарын әзірлеу, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын қаржыландыруды жоспарлау, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды қаржыландыру жоспарларын әзірлеу (бюджетті жасау және шоғырландыру) бойынша ұсынымдарды (ұсыныстарды) тұжырымдау;
- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметкерлерін оқыту;
- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың маркетингтік стратегиясын әзірлеу бойынша нарыққа талдау жүргізу және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына консультация беру;
- нысаналы маркетинг жүргізу;
- жобаларға талдау жүргізу;
- отандық арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды халықаралық нарықта ілгерілетуді қамтамасыз ету;
- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету;
- арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға әлеуетті инвесторларды тартуға жәрдем көрсету;
- 12) уәкілетті органның стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жәрдем көрсету жатады.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ

38-бап. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясын құру

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақты құру туралы қаулысы қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясын құру және (немесе) құруға қатысу туралы шешім қабылдауға тиіс.

2. Арнайы экономикалық аймақ құрылған жағдайда:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы басқарушы компанияның құрылтайшылары бола алады.

Басқарушы компания Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, мемлекеттік емес заңды тұлғаның, оның ішінде басқа елдерде немесе Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды басқару тәжірибесі бар шетелдік заңды тұлғаның қатысуымен де құрылуы мүмкін.

Бұл ретте құрылған басқарушы компанияда басқарушы компания шығарған жарғылық капиталға қатысу үлестерінің (дауыс беретін акциялардың) жиырма алты пайызынан аспайтыны мемлекетке тиесілі болуға тиіс.

Мемлекеттік емес заңды тұлғаға, оның ішінде шетелдік заңды тұлғаға акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталға қатысу үлестерін сату тәртібі "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 105-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Басқарушы компаниялардың мемлекетке тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестері (дауыс беретін акциялары) бірыңғай үйлестіру орталығына сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

3. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы болып осындай басқарушы компанияның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің (акцияларының) жиырма алты пайызынан аспайтыны мемлекетке тиесілі болуы шартымен мемлекеттік емес заңды тұлға, оның ішінде шетелдік заңды тұлға айқындалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басқарушы компаниялардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін (акцияларын) мемлекетке беру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Уәкілетті орган құрылуына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасасады.

5. Мұндай басқарушы компания функцияларды тиісінше орындау жөніндегі шарт шеңберінде өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, уәкілетті орган шартты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бұзуға құқылы.

6. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы құрылтайшысының шешімі бойынша бірнеше арнайы экономикалық аймақта бір басқарушы компанияның жұмыс істеуіне жол беріледі.

7. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы индустриялық аймақты басқаруды бір мезгілде жүзеге асыра алады.

8. Басқарушы компанияның бірінші құрылтай жиналысы (құрылтай шартына қол қою, жалғыз құрылтайшының шешімін шығару) Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқарушы компанияны құруға мемлекеттің қатысуы туралы шешімі қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей өткізілуге (жүзеге асырылуға) тиіс.

9. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтың орналасқан жері бойынша "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

10. Акционерлер (қатысушылар) басқарушы компанияның директорлар кеңесінің (байқаушы кеңесінің) құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған адамдар қатарынан, лауазымы бойынша директорлар кеңесінің басқарушы компанияны стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитетін басқаратын (байқаушы кеңестің төрағасы болып табылатын) тәуелсіз директорды (байқаушы кеңестің мүшесін), бірыңғай үйлестіру орталығы ұсынған адамдар қатарынан тәуелсіз директорды (байқаушы кеңестің мүшесін), сондай-ақ инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компания ұсынған инвестициялық жобаларды іске асыру тәжірибесі бар адамдар қатарынан тәуелсіз директорды сайлайды.

11. Уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен шарт жасасады, оның шеңберінде соңғысы өзіне арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау және шешуші көрсеткіштерге қол жеткізу жөнінде міндеттемелер қабылдайды.

12. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы құрылған немесе айқындалған күнінен бастап екі ай ішінде уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтың жылдық нысаналы индикаторларды қамтитын, үш жылдық кезеңге арналған даму стратегиясын бекітеді.

Уәкілетті орган мен бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық аймақтың даму стратегиясын келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган мен бірыңғай үйлестіру орталығы тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда арнайы экономикалық аймақтың пысықталған даму стратегиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына келісу үшін қайта енгізілуге жатады.

Бұл стратегия арнайы экономикалық аймақтың даму динамикасы ескеріле отырып, әрбір үш жыл сайын қайта бекітілуге жатады.

Арнайы экономикалық аймақтың кейіннен тартылған басқарушы компаниялары өз қызметін арнайы экономикалық аймақтың бұрын бекітілген даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-бап. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функциялары

Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларына:

- 1) арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;
- 2) арнайы экономикалық аймақтың басым қызмет түрлерін жүзеге асыратын қатысушыларына және қосалқы немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға), кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға), уақытша пайдалануға (жалға) немесе уақытша кейінгі пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін мүлдіктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;
- 3) мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің салынған объектісі мемлекеттік меншікке берілген жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша жекеше әріптес болып табылатын арнайы экономикалық аймақ қатысушысының пайдасына уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын иеліктен шығару;
- 4) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты жасасу және бұзу;
- 5) уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде ұсыну;
- 6) арнайы экономикалық аймақтың әлеуетті қатысушыларын және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларды тарту;
- 7) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

8) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

9) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының "бір терезе" қағидаты бойынша жұмыс істеуі үшін қабылдау орындарын ұйымдастыру;

10) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

11) арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

12) арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

13) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

14) арнайы экономикалық аймақта өнеркәсіптік-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

15) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен "бір терезе" қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасасу мен жұмыс жүргізу және осы қағидатты іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде мемлекеттік органдармен және өзге көрсетілетін қызметтерді алған кезде өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу кезінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының мүдделерін білдіру;

16) коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

17) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысу;

18) бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және өзге де жобалау құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

19) арнайы экономикалық аймақтың аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру және арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына немесе бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға осындай көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

20) арнайы экономикалық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

21) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға консалтингтік және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

22) арнайы экономикалық аймақтың аумағында тұрғызылатын инфрақұрылым және кәсіпкерлік қызмет объектілері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функциялар жатады.

Ескерту. 39-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясын басқару үшін адамдарды іріктеу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясын құрған жағдайда, арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы экономикалық аймақты құру туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде уәкілетті орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесе отырып өткізген конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша тағайындалады.

2. Конкурстық комиссияның оң шешімі конкурстық іріктеуден өткен адаммен еңбек шартын жасасуға негіз болып табылады.

Конкурстық комиссияның оң шешімі болған жағдайда, Бірыңғай үйлестіру орталығы конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде басқарушы компанияның директорлар кеңесінің отырысына конкурстық іріктеуден өткен адамды басқарушы компанияның басшысы лауазымына тағайындау туралы ұсыныс енгізеді.

Басқарушы компанияның директорлар кеңесі (жалғыз қатысушының немесе қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен) конкурстық іріктеуден өткен адаммен еңбек шартын жасасу туралы шешім қабылдайды, онда оның қызметінің шешуші көрсеткіштері қамтылуға тиіс.

3. Қызметтің шешуші көрсеткіштеріне қол жеткізбеу арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының басшысымен еңбек қатынастарын тоқтатуға негіз болып табылады.

4. Басқарушы компанияның бірінші басшысы қызметтің шешуші көрсеткіштеріне қол жеткізбеген жағдайда, уәкілетті орган директорлар кеңесінің қарауына еңбек шартын бұзу туралы ұсыну енгізеді.

Директорлар кеңесі еңбек шартын бұзу бойынша тиісті шаралар қабылдамаған жағдайда, мұндай басқарушы компаниямен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шарт бұзылады.

41-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

1. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтық қорғау кепілдіктерін, салықтық және өзге де жеңілдіктерді пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен басым қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін жер учаскелерін алуға және инфрақұрылым объектілерін салуға;
- 3) қызметті жүзеге асыру туралы шартта бірыңғай технологиялық процеске кіретін және арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттары мен басым қызмет түрлеріне сәйкес келетін қызмет түрлерін айқындауға;
- 4) басым қызмет түрлерін жүзеге асыру процесінде қосалқы қызмет түрін жүзеге асыратын тұлғаларды тартуға;
- 5) қосалқы қызмет түрлерін айқындауға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары:

- 1) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында және қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындауға міндетті.

41-1-бап. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтық қорғау кепілдіктерін пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және осы Заңда белгіленген тәртіппен бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін жер учаскелерін алуға және инфрақұрылым объектілерін салуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалар:

- 1) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындауға міндетті.

Ескерту. Заң 41-1-баппен толықтырылды – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

42-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттар және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеуді:

арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары тұрақты түрде қызметті жүзеге асыру туралы шартты және бейінді емес қызметті жүзеге асыру туралы шартты орындау шеңберінде арнайы экономикалық аймақтар қатысушыларының және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғалардың бастапқы құжаттамасы, сондай-ақ жыл сайынғы есептері негізінде;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары және бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары есептілік нысанында ұсынатын ақпарат, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары және бейінді емес қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат негізінде осы Заңға сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

43-бап. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының қызметін қаржыландыру

Басқарушы компанияның қызметін қаржыландыру:

1) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына басқарушы компания ұсынатын көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы;

2) нысаналы қарыздық қаржыландыру;

3) инфрақұрылым объектілерін, жер учаскелерін, сондай-ақ өзге де мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) және қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беруден түсетін кірістер;

4) жарғылық капиталды толықтыру ретінде енгізілген қаражат;

5) бюджет қаражаты;

6) басқарушы компанияның қызметінен түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

Осы баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы жарғылық капиталға қатысу үлесінің (акцияларының) жүз пайызы мемлекетке тиесілі арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясына қатысты ғана қолданылады.

7-тарау. ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ БАСҚАРУ

44-бап. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құру

1. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік индустриялық аймақты құру туралы шешімі қолданысқа енгізілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құру және (немесе) құруға қатысу туралы шешім

қабылдауға тиіс. Жекеше индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын қоспағанда , индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі – республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының құрылтайшысы;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы – республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының құрылтайшысы;

3) осы Заңға сәйкес жекеше индустриялық аймақтың меншік иесі индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының құрылтайшылары бола алады.

3. Республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, мемлекеттік емес заңды тұлғаның, оның ішінде басқа елдерде немесе Қазақстан Республикасында индустриялық аймақтарды басқару тәжірибесі бар шетелдік заңды тұлғаның қатысуымен де құрылуы мүмкін.

Бұл ретте құрылған басқарушы компанияда жарғылық капиталға қатысу үлестерінің (дауыс беретін акциялардың) жиырма алты пайызынан аспайтыны мемлекетке тиесілі болуға тиіс.

Мемлекеттік емес заңды тұлғаға, оның ішінде шетелдік заңды тұлғаға акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталға қатысу үлестерін сату тәртібі "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 105-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Басқарушы компаниялардың мемлекетке тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестері (дауыс беретін акциялары) бірыңғай үйлестіру орталығына сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

4. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы болып осындай басқарушы компанияның жарғылық капиталға қатысу үлестерінің (акцияларының) жиырма алты пайызынан аспайтыны мемлекетке тиесілі болуы шартымен мемлекеттік емес заңды тұлға, оның ішінде шетелдік заңды тұлға айқындалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басқарушы компаниялардың жарғылық капиталға қатысу үлестерін (акцияларын) мемлекетке беру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы индустриялық аймақтың орналасқан жері бойынша "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

6. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы құрылтайшысының шешімі бойынша бірнеше индустриялық аймақта бір басқарушы компанияның жұмыс істеуіне жол беріледі.

7. Республикалық және өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын басқару үшін адамдарды іріктеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Бұл ретте республикалық маңызы бар индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын басқару үшін адамдарды іріктеу уәкілетті органмен келісу бойынша жүзеге асырылады.

8. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы құрылған немесе айқындалған күнінен бастап екі ай ішінде республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың жылдық нысаналы индикаторларды қамтитын, үш жылдық кезеңге арналған даму стратегиясын бекітеді.

Бұл стратегия республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың даму динамикасы ескеріле отырып, әрбір үш жыл сайын қайта бекітілуге жатады.

Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың даму стратегиясы – уәкілетті органмен, өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың даму стратегиясы жергілікті атқарушы органмен келісуге жатады.

Индустриялық аймақтың кейіннен тартылған басқарушы компаниялары өз қызметін индустриялық аймақтың бұрын бекітілген даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырады.

Уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы тиісті индустриялық аймақтың даму стратегиясын келіп түскен күнінен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың пысықталған даму стратегиясы бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына келісу үшін қайта енгізілуге жатады.

9. Республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының бірінші басшысы қызметтің шешуші көрсеткіштеріне қол жеткізбеген жағдайда, уәкілетті орган директорлар кеңесінің қарауына еңбек шартын бұзу туралы ұсыну енгізеді.

Директорлар кеңесі еңбек шартын бұзу бойынша тиісті шаралар қабылдамаған жағдайда, осындай басқарушы компаниямен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шарт бұзылады.

10. Өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының бірінші басшысы қызметтің шешуші көрсеткіштеріне қол жеткізбеген жағдайда,

жергілікті атқарушы орган директорлар кеңесінің қарауына еңбек шартын бұзу туралы ұсыну енгізеді.

Директорлар кеңесі еңбек шартын бұзу бойынша тиісті шаралар қабылдамаған жағдайда, осындай басқарушы компаниямен индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шарт бұзылады.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

45-бап. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функциялары

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларына:

1) индустриялық аймақтардың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

2) индустриялық аймақтың қатысушыларына жер учаскелерін беру және инфрақұрылым объектілерін мүлктік жалдауға (жалға) немесе қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беру;

3) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

4) индустриялық аймақтар қатысушыларының тоқсан сайынғы есептері негізінде, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті ұсыну;

5) индустриялық аймақтың әлеуетті қатысушыларын тарту;

6) инфрақұрылым объектілерін салу және индустриялық аймақтардың өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

7) индустриялық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

8) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының "бір терезе" қағидаты бойынша және индустриялық аймақтардың қатысушылары үшін көрсетілетін қызметтер ұсынатын өзге де ұйымдардың жұмыс істеуі үшін қабылдау орындарын ұйымдастыру;

9) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу;

10) индустриялық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізу;

11) индустриялық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі іс-шараларды өткізу;

12) индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, индустриялық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдап отыруды қамтамасыз

ету, оның ішінде индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, индустриялық аймақтар қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

13) индустриялық аймақта өнеркәсіптік-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту;

14) индустриялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, индустриялық аймақтардың қатысушыларымен "бір терезе" қағидаты бойынша өзара іс-қимыл жасасу және жұмыс жүргізу;

15) коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

16) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысу;

17) бизнес-жоспарларды, техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және өзге де жобалау құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтер көрсету;

18) индустриялық аймақтың аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру және индустриялық аймақтың қатысушыларына осындай көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

19) индустриялық аймақтың аумағын абаттандыру және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

20) индустриялық аймақтың қатысушыларына консалтингтік және маркетингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

21) индустриялық аймақтың аумағында тұрғызылатын инфрақұрылым және кәсіпкерлік қызмет объектілері бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

22) "бір терезе" қағидатын іске асыру шеңберінде, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алған кезде мемлекеттік органдармен және өзге көрсетілетін қызметтерді алған кезде өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу кезінде индустриялық аймақтар қатысушыларының мүдделерін білдіру;

22-1) тиісті аккредиттеу негізінде ерекше индустриялық аймақтың аумағында құрылыс салуға арналған объектілердің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптаманы жүзеге асыру;

22-2) ерекше индустриялық аймақтың аумағында барлық жобалардың іске асырылуын оның кез келген сатысында мониторингтеу;

22-3) басқарушы компания бекіткен және қатысушылардың сақтауы міндетті ерекше индустриялық аймақтың қызметін жүзеге асыру және жұмыс істеу қағидалары мен тәртібі бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде ерекше индустриялық аймақтың қатысушыларына қатысты тиісті шаралар қабылдау;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де функциялар жатады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2021 № 26-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2021 № 87-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-бап. Индустриялық аймақ қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

1. Индустриялық аймақтың қатысушылары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтық қорғау кепілдіктерін пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және осы Заңда көзделген тәртіппен индустриялық аймақтың аумағында өз қызметін жүзеге асыру үшін жер учаскелерін алуға және инфрақұрылым объектілерін салуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Индустриялық аймақтың қатысушылары:

- 1) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында және қызметті жүзеге асыру туралы шартта көзделген міндеттерді адал және тиісінше орындауға міндетті.

47-бап. Индустриялық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу

Қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеуді:

индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары тұрақты түрде, қызметті жүзеге асыру туралы шартты орындау шеңберінде индустриялық аймақтар қатысушыларының бастапқы құжаттамасы, сондай-ақ жыл сайынғы есептері негізінде; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары және бірыңғай үйлестіру орталығы индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары есептілік нысанында ұсынатын ақпарат, сондай-ақ осындай индустриялық аймақтардың қатысушылары туралы ақпарат негізінде осы Заңға сәйкес жүргізеді.

48-бап. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының қызметін қаржыландыру

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының қызметін қаржыландыру:

- 1) индустриялық аймақтың қатысушыларына басқарушы компания ұсынатын көрсетілетін қызметтер үшін сыйақы;
- 2) нысаналы қарыздық қаржыландыру;
- 3) инфрақұрылым объектілерін, жер учаскелерін, сондай-ақ өзге де мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) және қосымша жалдауға (қосалқы жалға) беруден түсетін кірістер;
- 4) жарғылық капиталды толықтыру ретінде енгізілген қаражат;

5) бюджет қаражаты;

б) индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының қызметінен түсетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

Осы баптың бірінші бөлігінің 4) және 5) тармақшалары жарғылық капиталға қатысу үлестерінің (акцияларының) жүз пайызы мемлекетке тиесілі индустриялық аймақтың басқарушы компаниясына ғана қатысты қолданылады.

49-бап. Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын тарату

Индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын ерікті түрде тарату туралы шешімді қатысушылардың (акционерлердің) жалпы жиналысы қабылдайды, ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиторлармен келісу бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайды.

8-тарау. АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ШАРТТАРЫ

50-бап. Арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі

Арнайы экономикалық аймақтың аумағында осы Заңға, Қазақстан Республикасының салық, кеден, жер заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары үшін арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуінің жиынтық шарттары болып табылатын арнайы құқықтық режим қолданылады.

51-бап. Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары мен басқарушы компанияларына, индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларына салық салу

1. Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары мен басқарушы компаниялары, индустриялық аймақтардың басқарушы компаниялары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салықтық преференцияларды қолданады.

2. Арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары жобаның құнына байланысты мынадай санаттар:

1) жобаның құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 000 000 еселенген мөлшеріне дейін – А санаты;

2) жобаның құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 3 000 000 еселенген мөлшерінен бастап 14 500 000 еселенген мөлшеріне дейін – В санаты;

3) жобаның құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 14 500 000 еселенген мөлшерінен бастап – С санаты бойынша салықтық преференцияларды қолданады.

Бұл ретте тамақ өнімдерін, тоқыма бұйымдарын, киім-кешек, былғары және оған жататын өнімдерді шығару, компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар жасау, электр жабдықтарын жасау салаларында қызметті жүзеге асыратын арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларына жобаның құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1 000 000 еселенген мөлшерінен бастап 14 500 000 еселенген мөлшеріне дейін болған кезде В санаты беріледі.

Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.12.2023 № 46-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

52-бап. Арнайы экономикалық аймақтардағы кедендік реттеу

1. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында немесе оның бір бөлігінде еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі қолданылады.

Шегінде еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақтың шекаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы экономикалық аймақты құру туралы қаулысына сәйкес айқындалады.

2. Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Арнайы экономикалық аймақтың аумағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады.

4. Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақтың аумағы кедендік бақылау аймағы болып табылады.

Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақтың аумағында кедендік бақылауды мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

53-бап. Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарлар

Еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі қолданылатын арнайы экономикалық аймақтың аумағына әкелінген тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылады және кедендік баждарды, салықтарды, сондай-ақ тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мақсаттары үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жердегі тауарлар ретінде қарастырылады.

54-бап. Арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың аумағында жұмыс істеу үшін шетелдік жұмыс күшін тарту

Арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың аумағында жұмыс істеу үшін шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

55-бап. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларын құқықтық қорғау кепілдіктері

1. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушыларына құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына кепілдік беріледі, ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен қамтамасыз етіледі.

2. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қатысушыларының мүлкін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюға (мемлекет иелігіне алуға, реквизициялауға) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айрықша жағдайларда және тәртіппен жол беріледі.

3. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қатысушылары Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

56-бап. Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік

Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік осы Заңға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 56-бап жаңа редакцияда – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

57-бап. Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

58-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған арнайы экономикалық аймақтар Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдағанға дейін өз мәртебесін сақтайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және инновациялық технологиялар саласындағы арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары үшін арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру талабы 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай қызмет түрлері:

1) дерекқорлар мен аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, ендіру және өндіру, бағдарламалық қамтылымды (оның ішінде тәжірибелік үлгілерді) жобалау, әзірлеу, ендіру және өндіру;

2) серверлік ақпараттық-коммуникациялық жабдықты (дата- орталықтардың көрсетілетін қызметтерін) пайдалана отырып, электрондық нысандағы ақпаратты сақтау және өңдеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жобаларды жасау және ендіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін міндетті шарт болып табылмайды.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша құрылған индустриялық аймақтар өз мәртебесін сақтайды. Бұл ретте мұндай индустриялық аймақты құру туралы шешім шығарған жергілікті атқарушы орган осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін отыз жұмыс күні ішінде осы Заңның 27-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген өлшемшарттар негізінде индустриялық аймақтың түрін айқындау туралы шешім шығаруға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тәртіппен индустриялық аймақтың түрін айқындау туралы шешім шығарылғаннан кейін индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын іс жүзінде орындап жүрген заңды тұлғалар республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы мәртебесін алады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген заңды тұлғалармен шарттар негізінде мұндай индустриялық аймақтардың аумағында кәсіпкерлік қызмет объектілерін орналастыруды және пайдалануды жүзеге асырып жүрген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар республикалық немесе өңірлік маңызы бар индустриялық аймақтың қатысушылары мәртебесін алады.

3. Индустриялық аймақтардың осы баптың 2-тармағында көрсетілген басқарушы компаниялары мен қатысушылары арасында жасалған, индустриялық аймақтың аумағында қызметті жүзеге асыру талаптарын, тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін көздейтін шарттар қызметті жүзеге асыру туралы шарттар мәртебесін алады және оларда көзделген мерзім өткенге дейін өз қолданысын сақтайды. Қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды одан әрі жасасу осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ құрылғанға дейін "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығы" акционерлік қоғамымен осындай арнайы экономикалық аймақ үшін көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыруға тікелей арналған объектілерді салу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға шарт жасасқан тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап шектері

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушылары болып танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен кейін алты ай ішінде өз қызметін шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына қойылатын Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келтіруге тиіс.

5. Арнайы экономикалық аймақтардың осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қызметті жүзеге асыру туралы шарттар жасасқан қатысушылары өз мәртебесін сақтайды және қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін арнайы экономикалық аймақты құру туралы тиісті актіде айқындалған осы аймақтың жұмыс істеу мерзімінен асырмай арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асырады.

6. Осы Заңның 51-бабы екінші бөлігінің ережелері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2022 № 177-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

59-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 11, 63-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының
Президенті Қ. ТОҚАЕВ**